

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Юриспруденция

Шифр: 5В030100

Пән: Әкімшілік құқық

Глоссарий

Авария- технологиялық процестің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтардың, құрылыстардың зақымдануы.

Агенттік- республика территориясында бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асуын, сонымен қатар өз өкілеттігінің шегінде салааралық координацияны жүзеге асыратын Үкімет құрамына енбейтін орталық атқарушы орган.

Әкімшілік жауапкершілік- әкімшілік белгілері бар құқық бұзушылықты жасағаны үшін заң шығарушы арнайы белгілеген алып қою шарасын қолдануда түйінделетін құқықтық жауапкершілік түрі.

Шетел азаматтарының әкімшілік жауапкершілігі- әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтарымен ортақ негізде жауапкершілік тартуы.

Әкімшілік юрисдикция- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудағы лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік органдардың құзыры.

Әкімшілік қамауға алу- жеке тұлғаны бостандығынан уақытша айыруды көрсететін қамауға алу түрі. Ол превентивті және арнайы болып бөлінеді. Мақсаты- құқыққа қайшы әрекетті.

Әкімшілік құқық- биліктің атқарушы органдарының (мемлекеттік басқарудың) қызметі мен ұйымдасу процесінде жүзеге асатын қоғамдық қарым-қатынасты зерттейтін құқықтың негізгі саласы.

Әкімшілік-құқықтық нормалар- атқарушы билік қызметі аумағында тоқтатылатын, өзгертілетін және жасалатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормасының түрі.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар- мемлекеттік басқару процесінде жасалатын құқықтық қатынастардың түрі.

Әкімшілік айыппұл- әкімшілік алымның ақшалай түрі. Ол айлық есептік көрсеткіш бойынша есептеледі. әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі заңды тұлғалар, лауазымды тұлғалар және жеке тұлғаларға айыппұлдың максималды және минималды түрін бекітеді. ӘҚБК 48-бап

Әкімшілік процедуралар- басқарушылық қызмет процесінде қолданылатын процедуралар тізбесі (бірыңғай Заңмен реттеледі). Түрлері: шешімді қабылдау және орындау тәртібі; мемлекеттік аппарат жұмысын ұйымдастыру процедурасы; азаматтардың үндеуін қарастыру процедурасы; экономика обласында шешімді қабылдау процедурасы.

Әкімшілік мерзімдер- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарастыруда және әкімшілік өндіріске байланысты істі қарастыруда әкімшілік заң шығарушы бекіткен мерзімдер.

Әкімшілік мемлекеттік қызметкер- мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттілікті жүзеге асыратын, саяси мемлекеттік қызметкерлер құрамына кірмейтін мемлекеттік қызметкер.

Әкім- орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінде келісілген өзара әсер етуді жүзеге асыратын, оған сеніп тапсырылған территориясында мемлекеттік саясаттың өткізілуін қамтамасыз ететін және жергілікті атқарушы органды басқаратын, Президент пен Үкіметтің орындардағы өкілі. Саяси мемлекеттік қызметкер. «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы мен ҚР Конституциясы бойынша құқықтық мәртебесі реттеледі.

Монополияға қарсы саясат- қызмет көрсету нарығы мен өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға және өндірістің монополизациялануына қарсы бағытталған мемлекеттік шаралардың кешені.

Әкім Аппараты-жергілікті атқарушы орган қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

Мүлікті пайдалануға тыйым салу- мүліктердің тізімі мен оларды пайдалануға тыйым салу.

Аттестация- мемлекеттік қызметкердің (немесе өзге лауазымды тұлғаның) атқаратын қызметін тексеруге арналған арнайы процедура.

Апат- соның салдарынан төтенше жағдай туындайтын қирату құбылысы.

Босқын- оған байланысты зорлық-зомбылық және қудалау көрсетілгеннің салдарынан өзінің тұрғылықты мекенін тастап кетуге мәжбүр болған, Қазақстанның азаматтығын иеленбеген, Қазақстандық заңнама бойынша ҚР территориясына келгісі келетін немесе келген тұлға.

Виза (рұқсатнама)-кіру, шығу, тұру немесе территория арқылы өтуге мемлекеттің арнайы рұқсатын білдіретін төлқұжаттағы белгі. Шетел азаматтарының елімізге келуі және де өз азаматтарымыздың шетелге кетуін мемлекеттің бақылауы мен реттеуіне мүмкіндік беруге арналған.

Ішкі әскерлер- ҚР ІІМ әскерлер. Түзеу мекемелерді, арнайы жүктерді, мемлекеттік объектілерді қорғауға арналады. Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысады.

Затты өтеулі түрде алып қою- соттың қаулысы негізінде қолданылатын әкімшілік алымның түрі. Құқық бұзушының мүлкін алып қою және оны комиссиялық дүкендер арқылы іске асырып, алынған пайдасын оның бұрынғы иеленушісіне қайтару. ӘҚБК 49-бап

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қоныс аударту- превентивті шара. Мекендеу ережесі мен визалық тәртіпті дөрекі түрде бұзған, сонымен қатар азаматтардың физикалық денсаулығы мен рухани денсаулығы үшін қауіпті деп танылған шетел азаматтарына қатысты сот арқылы қолданылады. ӘҚБК 56-бап

Мемлекеттік қызмет- мемлекеттің қызмет етуі мен іске асуы бойынша мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби қызметі.

Мемлекеттік қызметкер-өтеулі негізде мемлекеттің функциясы мен шешімдерінің жүзеге асырылуы мақсатында лауазымды өкілеттілікті іске асыратын және белгіленген заңи тәртіп бойынша мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға.

Төтенше хал-ахуал енгізілетін жергілікті шегаралар-Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтың бірліктерін территориясы Кіріс туралы декларация-белгілі бір уақытта (1 жыл) алынған кіріс туралы басқарушы лауазымды атқаратын тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлердің ресми мәлімдемелері. Ол міндетті болып, ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін салық органдарына тапсырылуы керек. Декларацияны тапсырудан бас тарту, оған жалған мәліметтерді толтыру қызметкерлерге тәртіптік түрдегі шара-мемлекеттік қызметтен босатуды қолдануға әкеліп соқтырады.

Ұзақ әкімшілік құқық бұзушылық- оған заң бойынша белгіленген міндеттерді ұзақ уақыт жүзеге асырмауына байланысты әкімшілік жауапкершілік шарасын қолданумен қорқытумен қатар болған әрекеттілік пен әрекетсіздік түріндегі құқық бұзушылық.

Лауазымды тұлға- әкімшілік шаруашылық функцияны немесе ұйымдастыру-билік етуді іске асыратын не билік өкілі функциясын тұрақты не уақытша не арнайы өкілеттілік бойынша жүзеге асыратын тұлға.

Арыз- азаматтардың заңды мүдделері, бостандығы мен құқықтарының бұзылуы, шешімдердің қабылданбауы, лауазымды тұлғалардың заңды емес әрекеттері туралы үндеу.

Туберкулездің (өкпе ауруының) жұқпалы түрі- науқастың сыртқы ортаға туберкулездің микробактерияларын бөлуіне байланысты қоршағандарға қауіп төндіретін туберкулез ауруының сатысы.

Сұрау салу- қоғамдық не жеке түрдегі сұрақтарға байланысты ақпарат алудағы азаматтардың қажеттігін көрсететін үндеу.

Үкіметтің отырысы- Үкіметтің жұмысының түрі, Премьер-Министрдің төрағалығымен айына 1 реттен кем емес өткізіледі. Ауыстырылу құқығысыз Үкімет мүшелері қатысады.

Катастрофа(апат)- жаһанды немесе аймақтық масштабтағы төтенше жағдайға әкелетін қиратушылықты тудыратын құбылыс.

Квалификациялық талаптар- нақты әкімшілік лауазымға сай келуі, құзырлығы мен кәсіби дайындығының деңгейін анықтау мақсатында, әкімшілік мемлекеттік лауазымды атқаруға үміткер азаматтарға ұсынылатын талаптар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс- әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыру тәртібі мен негізін реттейтін бекітілетін нормалар, бірыңғай кодификацияланған 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданды.

Жергілікті комендатура- төтенше жағдайлар тәртібін қамтамасыз ету үшін төтенше ахуал енгізілген жергілікке Қазақстан Республикасының Президентімен құрылған арнайы орган;

Жергілікті комендант- Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған лауазымды тұлға, төтенше ахуал тәртібін қамтамасыз ететін күшпен және қаражатпен ортақ басқаруды жүзеге асыратын және төтенше ахуал енгізілген жергілікті комендатуранының қызметін басқарушы;

Коменданттық сағат- жеке басты растайтын арнайы берілген куәлік, құжат, өтуге, кіруге берілетін рұқсатнамасыз тұрғын үйден тыс көшеде және өзге қоғамдық орталарда жүруге тыйым салу кезінде бекітілетін тәулік уақыты;

Конкурс- ваканттық әкімшілік лауазымды атқаруға дайындық деңгейі жоғары маманды таңдау үшін жүргізілетін арнайы процедура.

Мүлікті тәркілеу- құқық бұзушының мүлігін алып мемлекеттік тұрақты меншікке беру. Тек сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. (ӘҚБК 50-бап)

Арнайы құқықтан айыру- мемлекеттік органдар арқылы берілген арнайы құқықтарды жеке және заң тұлғалары оны қолдануда дәрекі бұзған жағдайда сот қаулысы негізінде айыру.

Тәрбиелік ықпал ету шаралары- әкімшілік құқық бұзушылықты жүзеге асырған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын превентивті және жазалау шарасы. Оған мыналар жатады: ата-ана бақылауына беру; келтірілген зардапты жоюға міндетті жүктеу; кірісті шектеу; кәмелетке толмағандардың жүріс-тұрысына ерекше талаптарды бекіту;

Министрлік- мемлекет пен қоғамның өмір сүруінің бір немесе бірнеше аймағындағы мемлекеттік басқару функциясын, сонымен қатар өз құзырлығы шегінде салааралық координацияны жүзеге асыратын Үкімет құрамына енетін орталық атқарушы орган.

Министр- саяси мемлекеттік қызметкер, министрліктің басқарушысы. Премьер-Министр ұсынысы бойынша Президент арқылы тағайындалады, министрліктегі жұмысы мен оған бағынған саладағы (салалардағы) жұмысы үшін Премьер-Министр мен Президент алдында жеке жауапкершілікті көтереді.

Әкімшілік жауапкершіліктен босататын мән-жайлар- ӘҚБК-де бекітілген мән-жайлар ортасы, ол бар болса, әкімшілік жауапкершілікке тарту жүзеге тарту рұқсат етілмейді. Оларға жатады: қажетті қорғаныс; қол сұғушылықты жасаған тұлғаны қамауға алу; аса қажеттілік; негізделген қауіп; физикалық және психикалық мәжбүр ету; бұйрық пен өкімді атқару;

Кәмелетке толмағанның бос уақытын шектеу- кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі Комиссия арқылы қолданылатын тәрбиелеудегі ықпал ету шаралары. Белгілі бір орындарға (тойхана, бар, түнгі клубтар, дискотекаларды) баруға, бос уақытты өткізудің жеке түрлерін әсіресе, транспортты жүргізуге тыйым салу, белгілі бір тәулік уақытынан кейін үйден тыс жерде болуды, рұқсатсыз өзге жергілікті ортаға кетуді т.б. шектеу.

Үн қату- азаматтардың жүргізілетін мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына, сонымен қатар қоғамдық өмірдің оқиғалары мен құбылыстарына қатысын іске асыратын үндеудің түрі.

Саяси мемлекеттік қызметкер- тағайындалуы, отставкасы, қызмет саяси-анықтаушы түрде болатын мемлекеттік қызметкер.

Полицияның қызметі- өзінде жеке және заң тұлғаларды бақылауды түйіндейтін, мақсаты қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекет пен қоғамның тыныштығын бұзатын құқыққа қайшы әрекеттерді істегені және істеуі мүмкін кездерде мәжбүр ету шараларын қолдану болатын, Үкімет арқылы көрінетін мемлекет қызметі.

Полицияның құқығы- мемлекеттің полициялық қызметін анықтайтын құқықтық нормалар туралы ғылым.

Қайталанған құқық бұзушылық-бір жыл ішінде қайталап жасалатын бірыңғай құқық бұзушылық.

Үкімет- биліктің атқарушы органдарының барлық жүйесінің басқарылуын жүзеге асыратын, Премьер-Министр басқарушылығындағы ҚР-ң жоғарғы атқарушы органы.

Құқықтық мәжбүрлеу- заң шығарушымен санкцияланған және өкілетті органдар қолданатын шаралар жиынтығы.

Превентивті қамауға алу- құқық бұзушылықты жасауды жоюға бағытталған әкімшілік қамауға алудың түрі. Бұған тұлғасын анықтау үшін қамауға алу, медайықтырғышқа орналастыру, панасыз жас өспірімдерді қамауға алу т.б. жатады.

Ұсыныс- осы не өзге мемлекеттік органдардың, сонымен қатар ұйымның жұмыстарын жетілдіру, қойылған мақсатты шешу және нақты жолдарын табуға кеңес беру үшін назар аудартуды мақсат ететін үндеудің түрі.

Төтенше жағдайлардың алдын-алу-максималды бағытталған және алдын-ала жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Айыппұлды мәжбүрлеп алу- құқық бұзушы өз еркімен айыппұлды төлеуден бас тартқан кезде қолданылатын шара. ӘҚБК-і жеке және заң тұлғаларынан айыппұлды мәжбүрлеп алу процедураларын көздейді. Сот айыппұлды салған органның арызының негізінде қаулы шығарады. (ӘҚБК 708-711 баптар)

Созылмалы әкімшілік құқық бұзушылық-бір мақсатқа бағытталған және ортақ ойға біріктірілген, тең іс-әрекеттер қатарында жасалатын әкімшілік құқық бұзушылық.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс-әкімшілік құқық бұзушылық туралы жеке істерді қарастыру, шешу, қозғау бойынша жүйеленген процессуальды әрекеттердің кешені.

Әкімшілік қамауға алу туралы хаттама- әкімшілік қамауға алу шарттары мен себебін тіркейтін ресми құжат. Онда оның жасалуының мерзімі, уақыты, оны жасаған және қамауға алынған тұлға туралы мәліметтер, сонымен қатар қамауға алынудың негіздері тіркеледі. ӘҚБК 635 бап

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама- әкімшілік құқық бұзушылық туралы нақты іс бойынша негізгі жағдайларды тіркеп, соның негізінде әрі қарай істі қарастыру жүргізілетін ресми, процессуальды құжат.

Реабилитация (оналту)- құқық бойынша қалпына келтіру.

Шетел азаматтарын тіркеуге- ҚР-ң территориясына келетін азаматтарды арнайы тіркейтін процедура. Олар өз құжаттарын 3 тәуліктің ішінде ІІМ-де, сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркеуі тиіс.

Мемлекеттік лауазымдардың тізілімі (реестрі)- әкімшілік және саяси лауазымдар тізіліміне бөлінетін ҚР-ң Президенті бекіткен мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдарының ресми бекітілген тізімдерінің сатысы (иерархиясы).

Жеңілдететін мән-жайлар- әкімшілік жауапкершілікті көздейтін, нормалар санкциясының шегінде алып қоюды жеңілдету үшін негіз болатын мән-жайлар жиынтығы. Қазақстан Республикасының ӘҚБК 61-бап бойынша қарастырылған.

Өз еркімен салған құрылысты қирату- заңсыз салынған және аса үлкен қателіктермен салынған құрылысты қиратуға бағытталған қалыпқа келтіру түріндегі шаралар.

Әкімшілік жауапкершіліктен шешу- алып қою салынғаннан кейін бір жыл өткеннен соң әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған болып есептеледі, сонымен қатар оған қатысты барлық шектеулер шешіледі.

Арнайы құралдар- заң шығарушы қатал көрсеткен кездерде құқық қорғаушы органдар қызметкерлері қолданатын техникалық құралдар. Оған мыналар жатады: қол кісендер, резина таяқтары, жас ақтыратын газдар, водометтер т.б.

Әкімшілік өндірістегі көне мерзімдер- заң шығарушы арнайы бекіткен мерзімдер, ол өтелгеннен кейін тұлға әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. ӘҚБК 69-бап

Тәртіптік жауапкершілік мерзімдері- жағымсыз әрекет анықталған күннен 1 айдан кеш емес салынатын және жағымсыз әрекет жасалған күннен 6 айдан кеш салына алмайтын тәртіптік алып қою. Көнеліктің мерзімі 1 жыл. Салым салынғаннан кейінгі 6 айдан соң шешіледі.

Стихиялық (дүлей) апат- соның салдарынан төтенше жағдай туындайтын апат.

Әкімшілік жауапкершіліктің субъекті- әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке және заңды тұлға. Заңды тұлғалар мемлекеттік тіркелуден

кейін жауапкершілікке тартылады. Жеке тұлғалар мынадай белгілерді иеленуі керек: әрекетке қабілеттілік пен 16 жасқа толғандығы.

Үкімет мүшелері- ҚР-ның Үкіметінің құрамына енетін лауазымды тұлғалар. Олар Премьер-Министрдің нұсқауымен Президент арқылы тағайындалады. Оларға мыналар жатады: Премьер-Министр; оның орынбасарлары; Агенттік өкілдері; Премьер-Министр Канцеляриясының басшысы.

Төтенше жағдай- авария, апат, катастрофа салдарынан болып, адам өліміне, оның денсаулығына, қоршаған ортаға, шаруашылық нысандарына нұқсан келтіруге әкелетін, тұрғындардың өмір сүру шарттарының бұзылуы мен материалдық шығынға әкелетін белгілі бір аумақтағы жағдай.

Төтенше хал-ахуал- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын қорғау мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын және мемлекеттік органдардың, ұжымдардың қызметтерінің ерекше құқықтық тәртібін көрсететін, азаматтығы жоқ, шетел азаматтары, азаматтарды, сонымен қатар заңды тұлға құқығы мен бостандығының жеке шектеулерін бекіту. Мүмкін болатын уақытша шара.

Табиғи түрдегі төтенше жағдайлар- стихиялық апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны, тау көшкіні, сел т.б), табиғи өрттерден, эпидемия мен эпизоотиядан, ауыл шаруашылық өсімдіктердің зақымдануынан, ормандар мен зиянкестердің ауруынан туындайтын төтенше жағдайлар;

Техногендік түрдегі төтенше жағдайлар- өндірістік, транспорттық және өзге апаттар, өрттер (жарылыстар), биологиялық қауіпті заттар, радиоактивті және қатты әсер ететін улы тастама жасалған (жасалу қаупі бар) апаттарды, мекеме мен құрылыстардың аяқ астында құлауын, плотиналардың асып шығуы, тазалау құрылыстары, өмірді қамтамасыз ететін коммуникациялық және электроэнергетикалық жүйелердегі апаттарды туындайтын төтенше жағдайлар.

Сенім (наным)- басқарылатын субъект әрекетіне, оның еркіне санасы арқылы жүзеге асатын мақсатты бағытталған, ізбасарлық әсер ету процесі.

